2020 жылдың 9 қарашасына дейін 1-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» зерттеу жобасының облыстық кезеңіне жолдама алған Ақтансеріқызы Қарақат, Новожилова Карина, Сатаев Айдосхан, Хадылби Селман қатысты. Барлық оқушыларымыз 3А сынып оқушысы Ақтансеріқызы Қарақат 1 орын, Новожилова Карина 2 орын, Сатаев Айдосхан мен Хадылби Селман 2 орынға ие болды. Бірінші жүлделі орынға ие болған оқушымыз Қарақат республикалық кезеңге өтті.

18 қараша 2020 ж Жаратылыстану математика бағыты бойынша (математика, физика, химия, биология) 11 сынып оқушылары арасында өтетін XIII Президенттік олимпиаданың аймақтық кезеңіне мектебіміздің үш оқушысы Бешеева А, Бауыржан А, Тылик А қатысты.

18 қаңтар күні Ақмола облысы бойынша ауылдық жерде тұратын әлеметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасылардан шыққан дарынды балалардың деректер базасы құрылды. Оған жататын оқушылар Ақтансеріқызы Қ, Шәкір К, Асанова Д, Бахыт А, Ақтансеріқызы Ә, Бауыржан А. Осы оқушыларға «Жол картасы» дайындалды.

26 қаңтар күні 1-7 сынып оқушыларының зерттеу мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» Республикалық конкурсына қатысып, көрсеткен ерекше жетістігі үшін Ақтансеріқызы Қарақат грамотамен марапатталды. Жетекшісі Молдагулова Б.Қ

8-12 ақпан күндері аудандық олимпиада өтті. Биология пәнінен Ондрисов Ернұр – 2 орынға ие болды. Жетекшісі Ахбаева А.Ж.

25-26 ақпан күндері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 11 және 12 сынып мектеп бітірушілер арасында VIII Республикалық «Ясауи» олимпиадасына мектебімізден 2 оқушы қатысты. Республикалық «Ясауи» олимпиадасы оқушылардың таңдауы бойынша екі бағытта өтті: Бірінші бағыт: Пәндік олимпиада; Екінші бағыт: Ғылыми жобалар байқауы. Пәндік олимпиада бойынша 11 сынып оқушысы Бауыржан Ахбота қазақ тілінен 100 сұрақтың 90 жауап берген. Ғылыми жобалар байқауына 11 сынып оқушысы Ахметтулова Мерей ағылшын тілінен қатысты. Өкінішке орай екі оқушымыз да 2 кезеңге өтпеді.

Демалыс кезінде 9 сынып оқушылары арасында Айқанат олимпиадасына біздің мектебімізден 9 оқушы қатысты. Оның ішінде 3 оқушы 2 кезеңге жолдама алды. Олар: Казбек А, Ғаламин Г, Қанат Б

1 наурыз күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қорының, ҚР Білім және ғылым министрлігінің және «Елбасы академиясы» корпоративтік қорының «Ел Үміті» бастамасын іске асыру шеңберінде ауыл мектептеріне арналған республикалық «Мың бала» «Ұлттық зияткерлік олимпиадасын» өткізетіндігін хабарлады. Мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары: Айтмағамбетова Н, Ашимова А, Шарилан А, Шәкір К, Сулейменов О, Сарсенбинов Д, Лягнев Т, Кусани Н, Абенев Р қатысамыз деп сайтқа тіркелді.

10 наурыз күні Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай, жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен республикалық М.Мақатаев оқуларының аудандық кезеңі өткізілді. Оған 9 А сынып оқушысы Бахыт А және де ақындар сайысына Ақтансеріқызы Ә қатысты. Қорытындысы әлі хабарланған жоқ.

15 наурыз күні қараша айында өткізілген Пони (Пайымда! Ойла! Нәтижеле! Игер!) Халықаралық байқауына қатысып, 0-4 сынып оқушылары Аубакирова Мадина, Қанапиянова Айзере, Жансеріқызы Аружан, Сулейменов Нұртас, Куленбаев Аспандияр, Педан Даниил, Новожилова Снежана, Гаар Милана, Казбекова Аяна, Ермек Әділ, Ермек Асыл, Хурманбай Алмас, Куленбаева Алия 2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталды.

1-7 сынып оқушыларының зерттеу мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» Республикалық конкурсының аудандық кезеңіне 11 жұмыс қорғалды. қатысты. Олар Құсанн Исмади, Құрмет Айсұлу, Асанова Дарига Темірбекова Диляра, Нұрсұлтан Аружан, Нұрсұлтан Ақниет, Сулейменов Олжас, Барменова Камила, Васецкая Алина, Ершов Никита, Косов Куат, Козьмин Даулет, Альясов Азат-Али, Лятнев Тамерлан. 10 жұмыс жүлделі 1,2,3 орындарға ие болды.

21.05.2021 ж 8-11 сыныптар аралығында ғылыми жоба онлайн конкурсының аудандық кезеңіне екі оқушы қатысты. Жабарова Д 2 орынға, Шакир Мариям 1 орынға ие болды.

6. 2020 – 2021 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

1. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жыл 22 сәуірдегі № 227 бұйрығы)

2. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы

3. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі 2016 ж 26 сәуір

Қазақстан Республикасының заңдары

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж)

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007ж)

3. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы (02.12.1999ж)

4. Қазақстан Республикасының «Мейрам күндері» жайлы (2001ж)

5. Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы (2002ж)

7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (10 - бап)

8. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» (1997ж)

9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (925,926,927,1124 - баптар)

10. Қазақстан Республикасының Еңбекпен түзету кодексі (96 - бап)

11. Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» (172,177 - баптар)

12. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы кодексі (12,154 - баптар)

13. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы

14. Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы (1998)

15. Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың

профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз калуының алдын алу туралы» заңы (2004)

16. Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы (1993)

17. Қазақстан Республикасының «Темекі тартуды алдын-алу және шектеу туралы» заңы (2002 ж.10 шілде)

18. АҚТБ/ЖҚТБ – ның алдын алу жайлы декларация (2001ж)

19. Балалар мен жасөспірімдердің сунцидтік мінез-құлықтарының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы;

20. Қазақстан Республикасының 04.12.2009 жылғы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңы;

21. «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқаны;

22. «Қауіпсіз мектеп» республикалық акциясы

23. Қазақстан Республикасының 04.07.2013 жылғы № 127 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Максаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен

жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша 2020-2021 оқу жылында орындалған іс –шаралар.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;

елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;

өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;

басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;

өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;

құқықтық білімге, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрысына;

заң талантарына, құқықтары мен міндеттеріне;

әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтанш сезім және жауапкершілік таныту.

Іске асыру механизмдері

Сабактар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру. АРБ бағдарламасы аясында ерлік, намыс және абырой, Отанға адал қызмет ету тағылымдарын өткізу. Дебат және пікірталас клубтарын ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар. Оқушылардың мемлекеттік нышандарын және Қазақстан

Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары. Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлерімен кездесулер. Балалардың және жастардың бастамашыл жобаларын дамыту. Балалар және жастар қозғалысы қызметін: қоғамдық қорлармен бірлескен қызметті жандандыру; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер; саяхаттар; акпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтерін», «Мен және заң», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз – қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

«Торғай орта мектебі»КММ- да 1 - Қыркүйек Білім күніне арналған сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында онлайн форматта өтілді.

Құқықтық бағыты бойынша «Торғай орта мектебі» КММ-да ең алдымен оқушыларымызды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырып, оқушының құқықтары мен міндеттері туралы айтылып кетті.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытын ары қарай «Діни - Экстремизмнің алдын – алу» тақырыбы бойынша іс – шаралар жалғасын тапты. Діни экстремизмді алатын болсақ ол адамдар арасында ірткі салуға , өшпенділік отын тұтатуға, кантогістер ұйымдастыруға жол ашады. Пиғылы бөтен, қазақтың болмысына жат ағымдарға қазір тосқауыл қоймасак, одан ертең бірлігімізге сызат түседі. Егер едімізде нағыз таза мұсылман, құранның жолымен жүретін халық көп болса елде береке, бірлік тыныштық болады» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай

Оқушыларымызға осы айтылған сөздердің маңысын жеткізу мақсатында, 5-11 сынып оқушыларына «Діни – Экстремизмнің алдын – алу» тақырыбы бойынша бейнеролик көрсетіліп, сынып сағаттары өткізілді.

Бұл іс – шараның мақсаты: Экстремизм, терроризм, радикализм терминдеріне түсінік беру. Қазақстан Республикасындағы лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жайы жөнінде мағлұмат беру.

Қазақстан халқы ассамблеясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке бастамасымен құрылған. Ұйымның негізгі міндеті - мемлекеттік саясатты іске асыру, мемлекет және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру. Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы Қазақстан халықтарының форумында Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет айтқан болатын. Үш жылдан соң, яғни 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы ассамблеясын құру туралы Жарлығы шықты. Оның мәртебесін алғашында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен еді. Өз тарихында ассамблея аталған мәртебеден мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәртебеге ие конституциялық органға дейін өсті. Мәңгілік Ел. ҚР Ассамблеясына 25 жыл қарсаңында мектеп оқушылары арасында мәнерлеп өлең оқу жарысы ұйымдастырылды. Ары қарай Тәрбие жұмысымыздың жоспары бойынша «1 – желтоқсан» Президент күніне іс – шаралармен жалғасын тапты. «1 – желтоқсан» Президент күніне арналған 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатының мақсаты қазақ халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру, елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Шәкірт жүрегінде елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Сынып сағаттарынан басқа Бегалинова Раушан Құрметовна мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен кітаптар көрмесі, тіл мұғалімдерінің қатысуымен эссе жазу, іс – шаралары ұйымдастырылды.

16 желтоқсан – сан ғасыр аңсаған ата баба арманы орындалған күн. 1991 жылы КСРО ыдырап, Одақтың құрамындағы елдер өз алдарына жеке мемлекет болып жатты. Солардың қатарында Қазақстан да болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі

"Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы" заңды қабылдады. Ескеретіні, Қазақстан КСРО құрамындағы елдердің арасында ең соңғысы болып Тәуелсіздігі туралы заңды қабылдады. Бұл заң 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақстанның Егемендігі туралы Декларациямен бірге Қазақ елінің елдігін нығайта түсті. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ең үлкен аманаты. Сондықтан оның мәнін ұғынып, баянды да мәңгі болуына аянбай қызмет ету – басты парызымыз. Осыған орай мектебіміздің барлық сыныптарында 16- желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елдің ұл – қызымын». атты тақырыпта сынып сағаттары ұйымдастырылды. Бейнебаяндар көрсетіліп, кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. «16 – Желтоқсан» оқиғасынан үзінді кәріністерде қойып жатты.

7-8 «Б» сыныбында «Государственные символы Республики Казахстан – духовный ориентир народа» тақырыбында дөңгелек үстел түрінде өтілді.

3 «А» сыныбы «Біз – Тәуелсіз елміз» тақырыбында сынып сағаты өтілді. Және де біздің бүлдіршіндер балаларымыз 16- желтоқсан оқиғасынан үзінді ретінде Қайрат Р ролін сомдады.

«День Независимости Казахстан» атты тақырыпта сынып сағатын өткізді.

Мектеп кітапханашысы Бегалинова Р.К. Оқушыларға арнап 16-желтоқсан «Тәуелсіздік күні» тақырыбында оқушыларға қызықты мәліметтерді паш етті. 16- желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай оқушылар «Тәуелсіз Қазақстан» атты тақырыбында өлең шумақтарын жатқа айтылды. Тәуелсіздік күніне орай оқушыларымыз сурет салудан да қалыспады. Бұл мәліметтердің барлығы мектептің әлеуметтік желісінде фейсбук, инстаграмм парақшаларында жарияланған.

Тәрбие жұмысы әрі қарай «Құқық әділет пен парасат жолы» тақырыбында жұмысын жалғастырды. «Құқық әділет пен парасат жолы» тақырыбы бойынша тарих пән мұғалімдері, АӘД пән мән мұғалімі тоғызыншы, оныншы, он бірінші сынып оқушыларымен дөңгелек үстел форматында талқылау жасады.

Бұл іс – шараның мақсаты: Білімділік – оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, құқықтық білімдерін толықтыру. Оқушылардың саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру, заңдарды талдай отырып, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге, ойлау қабілетін дамыту. Адамгершілік, ізгі қасиеттер мен ар – ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру.

Оқушылар өздеріне жүктелген тапсырманы ойдағыдай орындап өз ойларын екі жақта ортаға салды.

Әрі қарай біздің жұмысымыз «зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» атты іс- шарамен жалғасын тапты. Бұл іс –шарада оқушылар арасында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Сынып сағаттары өткізілді. Стенд газеттер шығарылып, Бейнебаяндар көрсетілді «20 қараша – Бала құқығы туралы Конвенция күні» тақырыбымен жұмысымыз жалғасын тапты. Сынып жетекшілер Оқушыларға өз құқықтары турлы толық мәләмет беріп, бейнебаяндар көрсетті. Сонымен қатар мектеп қабырғысында «Бала құқығы» стенді жасалды

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына;

өзінің қасиетіне, арына және парызына;

ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;

өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет

түрлеріне;

діни құндылықтарға;

ой, сөз және іс бірлігіне;

өзінің мінез-құлқын жетілдіруге;

ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;
түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне;
адамдарға риясыз қызмет етуіне;
өз ата-анасына, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім
білдіру.

Іске асыру механизмдері

Оқу пәндері мазмұнына құндылықтарды кіріктіру арқылы оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейту; педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты: «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламасының метапәндік және тәрбиелік рөлін күшейту, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылып жатқан іс-шараның мақсаты: Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көрсету, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу. «Тіл Бүгінде мемлекеттік тіл - елімізде ұлтты ұйыстыру мен халықты біріктірудің басты факторына айналып отыр. Тіл – кез келген ұлттың болмыс-бітімін даралайтын асыл қазынасы. Елбасы Н.Ә.Назарбаев мемлекетімізде тілдердің даму барысын өз Жолдауларының бірінде «бұл – Тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі» деп бір-ақ ауыз сөзбен жеткізді. Сондықтан да Тіл мен Тәуелсіздікті егіз ұғым деп білеміз. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тіл – тәуелсіздік тірегі» атты челлендж жариялайды. Осы челленджге оқушыларымыз қазақ тілінде және де, қазақ тілі туралы мақал – мәтелдерді ағылшын тілінде айтып челленджге белсене қатысты. Осы апталықта ашық сабақтар, сыныптан тыс іс – шаралар өткізілді. Оқушыларымыз белсене қатысып керемет дәрежеде өздерін көрсете алды. Бұл дегеніміз ұстаздарымыздың еңбектерінің жемісі.

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Яғни бұл күн – аталар мен апалардың, ата-аналардың, бір-бірінің қадірін білетін жақын адамдардың мерекесі. Демек жан дүниенің жомарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына деген құрмет.

Адам баласының бойындағы бұл ізгі ниет – Жаратушы Иеміз бұйыртқан әрбір секундтың еншісінен бөлінбек емес, бөлінбейді де. Өйткені бүгінгі жас – ертеңгі қарт. Осы заңдылыққа бас иген қазақ қашаннан үлкенді сыйлауда тәпсісінен жаңылмаған.

Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Қазақ – қарттарын қадірлеп өскен ұлт. Бүгінде қазақтың әрбір үйінен отбасы мүшелеріне ақылын айтып, тәлімді тәрбиесін беріп, ұлағатты ұғымдарды еңіріп, шүпірлеген немере-шөберелерінің ортасында маркайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі бір ганибет. Жастары егде тартқан шақта қанаттыға қақтырмай, түмеықтыға шоқыттырмай өсіріп, жетілдірген ұл-қыздары қас-қабағына қарап, немерелері қойнына тығылып, мойнына асылып жатса еңбектерінің ақталғаны емес пе? Қарияларымыздың «Жасымда бейнет бер, қартайғанда жейнет бер» деп Жаратушыға құлшылық етуінің мәні де осында.

Қарттар күніне орай оқушыларымызға тәлім – тәрбие сағаттарын өткізіп, ауылымыздың қарттарымен онлайн форматта кездесулер ұйымдастырдық.

Рухани-адамгершілік тәрбие қоғам өмірінің нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген тұлғаның өзіндік санасын дамыту, этикалық ұстанымдары мен оның моральдық қасиеттерін және мақсатын қалыптастыру үшін жағдай туғызуды көздейді. «Қазақстан – 2030» Жолдауында Республика Президенті еліміздің ұлттық қауіпсіздігін, тәуелсіздік пен егемендігін танытатын мемлекетіміздің ұзақ уақытты дамуын анықтады. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті - өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «патриоттық-азаматтық» жастардың тәрбиелік деңгейін бағалаудағы көрсеткіш болып қарастырылады. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында: «Отаншылдық, отансүйгіштік, патриотизм (грек. patria – Отан) - адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», - деп анықтама берілген. Қазақстан халық жазушысы М.Мағауиннің еліміздің егемендік алғаннан бергі кезеңде ел тұтастығы, жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу мақсатында бірнеше нығармалары жарыққа шыққан болатын.

Оның негізгі арқауы бүгінгі ұлт, Отан, жастарды туған жерін сүйеге бағытталған еңбектерімен белгілі.

Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойған болатын.

1995 жылдың 1 наурызында елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. 2015 жылы Ассамблеяның жиырма жылдығын мерекелеу аясында Мемлекет басшысы бұл күнді халықтардың бір-біріне және қазақтарға көптеген халық елге күштеп қоныстандырылған кезде **төзімділік пен қонақжайлылық** танытқаны үшін алғыс білдіретін күн деп жариялауды ұсынды.

Ендеше бүгін - Қазақстанда Алғыс айту күні. Сондай-ақ, бүгін – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні. Президент Алғыс айту күні туралы: «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын Барлық этностардың бір-біріне мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап оғу әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді», – деген болатын. Елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір үйдің баласындай ғұмыр кешіп жатыр. Қазақстан – азаматтық келісімді, түрлі мәдениеттер мен діндерді тоғыстырған қонұлтты, зайырлы мемлекет. Осы мерекеге арналған іс-шаралар мектебімізде жоспарланды. Шәкірттеріміз онлайн форматта ұстаздарына ана- аналарына, өз алғыстарын білдірді. 1961 жылы 12 сәуірде Қазақстанның Байқоңыр аймағынан тұңғыш космос кораблі гарышқа аттанды. Сөйтіп, Юрий Гагарин – әлемнің тұңғыш гарышкері, ал Байқоңыр – гарыш аймағына айналды. Қазақ халқының да 3 ұлы гарыш сапарында болды. 1991 жылы 2 сәуірде Токтар Әубәкіров Кеңес Одағы Гарышкерлер даярлау орталығында дайындығын пысықтап, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен гарышқа ұшты. Араға үш жыл салып Талғат Мұсабаев та гарыш сапарына аттанды. Осылайша 12- Сәуір Гарышкерлер күні болып белгіленді. Осы мерекеге орай кітаптар, суреттер, қол - өнер көрмесі ұйымдастырылды. Сынып сағаттары өтіліп, оқушыларымыз онлайн байқауға қатысып жүлделі орындарға иеленді.

Жыл сайын атаулы мерекеде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды.

Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін бүкіл Қазақстанда жаппай патриоттық шерулер өтеді. Бүгінде «Достық» атты бір шаңырақ астына шоғырланған әрбір ұлттық-мәдени орталықтар мерекеде ән айтып, би билеп, жалпыхалықтық мейрамда дәстүр мен салтқа толы түрлі көріністер көрсетіледі. Халықтың көңіл-күйін көтеру үшін түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылады.

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтар, оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс іс-әрекеттерте жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру

Этнопедагогика кабинеттерінің қызметі: «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы мен Гимнін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша фестивальдер және байқаулар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Өнерге құлаш ұрған жас дарындарды қазақтың өршіл ақыны Махамбет жырларының рухында тәрбиелеудің маңызы зор. Осы орайда Ұлттық тәрбие бағытын «Біз Махамбет Ұрпағымыз» атты мәнерлеп олең оқу бойынша бастадық. Оқушыларымыз бқл іс – шараға бей – жәй қараған жоқ. Шәкірттеріміз белсене қатысып ат салысты. Әрі қарай Махамбет оқулары, «Жыр алыбы – Жамбыл», «Абай – Шәкәрім» оқулары жалғасын тапты. Сонымен қатар сынып сағаттары өткізіліп кітаптар көрсесі жасалынды.

Ендігі кезек Біздің жаңа жылымыз Наурыз мерекесіне арналған суреттер, қол – өнер көрмесі, сынып сағатары, т.б. іс – шаралар орындалды. Бұл үлкен мерекелік іс – шараға оқушылар өз отбасыларымен бірге белсене қатысты. Яғни олар «Ұлттық тағам түрлерін әзірлеу», «Бата беру», «Салт - дәстүрді көрсету» тапсырмаларды орындады.

Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері және ата-аналар комитеті; Репродуктив денсаулық орталықтары, мамандар кеңесін және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу; «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында ата-аналарды оқыту, жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, жоғары сынып оқушылары мен ЖОО студенттері үшін «Отбасылық өмір этикасы» электив курсының кіргізу; ата-аналардың мектеп өміріне қатысу; әкелер, әжелер клубтары; ақсақалдар алқасы; мемлекеттік тапсырыс арқылы ата-аналардың психологиялық-педагогикалық жаппай оқу; мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық; аула клубтарының жұмыстарын қалпына келтіру; балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін ұйымдастыру; элективті курстар, фестивальдер, байқаулар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» жарыстары арқылы жүзеге асырылады.

7. Әскери-патриоттық тәрбие жұмысы

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру - бұл маңызды буын жас азаматтың жеке тұлғасын және Қазақстан Республикасының патриотын қалыптастыру. Қазақстандық білім беру жүйесінде оған жетекші рөл жүктелген. Осыған байланысты Торғай орта мектебінде әскери-патриоттық тәрбие беру әкімшіліктің үнемі бақылауында.

2020-2021 оқу жылына Торғайдағы әскери-патриоттық тәрбиенің келесі мақсаттары мен міндеттері қойылды орта мектеп:

- оқушылардың жоғары патриоттық сана-сезімін, өз Отанына адалдық сезімін, азаматтық борышын және Отанның мүдделерін қорғау бойынша конституциялық міндеттемелерін орындауға дайындық сезімін қалыптастыруды жалғастыру;

- әскери қолданбалы спорт түрлеріне деген қызығушылықты дамыту, болашақ Отан қорғаушыларының төзімділігін, күшін, жылдамдығын және ептілігін арттыру;

- қорғаныс істері жөніндегі департаментпен бірлесіп жас жігіттерді әскери білімге баулу бойынша кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу мекемелер;

- әскери-патриоттық және әскери-спорттық іс-шараларды жүйелі түрде жүргізу;

- Әскери және Еңбек Даңқы бөлмесін, мектептегі әскери спорт алаңын қайта құру;

- Азаматтық жүйеде тұрақты түрде іс-шаралар өткізуге қорғаныс;

- 10-11 сынып жасөспірімдерімен атыс және далалық оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастырыңыз.

Оқу жылының басында мектеп директоры, АӘЖТД үшін оқу жылын бастау, бөлім құру және бөлім командирлерін тағайындау, сонымен қатар АӘЖТД үшін әдістемелік комиссия құрып, сақтау үшін жауапкершілікті жүктеу туралы бұйрық шығарды. NViTP ұйымдастырушысына меншік.

АӘЖТД оқытушысы-ұйымдастырушысы жеке жұмыс жоспарын, АӘЖТД бойынша әдістемелік комиссияның жұмыс жоспарын, АӘЖТД бөлімдерін өтудің апталық жоспарларын, күнтізбелік жоспарларын, мектептегі әскери жұмыс жоспарын жасады - патриоттық тәрбие, әскери-патриоттық үйірменің жұмыс жоспары. Барлық жоспарларды, оның ішінде әр сабақтың жоспарын мектеп директоры бекітеді.

Торғай орта мектебінде 2020-2021 оқу жылында 19 оқушы (10 ұл және 9 қыз) алғашқы әскери дайындыққа тартылды. АӘЖТД бойынша сабақтар негізгі сабақ ретінде аптасына бір сағаттан АӘЖТД бөлімдерін өткізуге арналған күнтізбелік-тақырыптық және апталық жоспарға сәйкес өткізілді.

АӘЖТД бойынша сабақтарды Айтмағамбетов Айбол Шихович жүргізеді.

1. Оқу жылының басында 4 бөлім құрылды, командирлер тағайындалды:

1 бөлім (11 «А» сыныбы) - Шарилаң Гүлзира, 2 бөлім (11 «Б» сыныбы) - Евгений Попов, 3 бөлім (10 «А» сыныбы) – Сейфуллин Марат, 4-ші бөлім (10 «Б» сыныбы) - Свириденко Станислав.

Бір жыл ішінде АӘЖТД оқытушысы-ұйымдастырушысы Айтмағамбетов А.Ш. әскери-патриоттық іс-шаралар жылдық жоспарға сәйкес өткізілді.

10-сынып оқушылары ант қабылдады.

АӘЖТД мұғалімі-ұйымдастырушысы 9-11 сынып оқушыларымен «Менің ауылымның тарихы» тақырыбында сынып сағатын өткізді, онда ауыл тарихы туралы презентация жасалды. Торғай негізі қаланғаннан бастап бүгінгі күнге дейін.

Бір жыл ішінде АӘЖТД-нің оқытушысы-ұйымдастырушысы Айтмағамбетов А.Ш. оқушылар арасында ашық сабақтар мен сыныптық сайыс өтті.

Сарбаздардан құрал-жабдықтар алу туралы сабақ өтті.

«Жарылғыш қол гренадалары» тақырыбында ашық сабақ өтті, сабақ 10 «А» сыныбында өтті. Сондай-ақ, 10 «А» сынып оқушылары арасында АК-74 және АК-74 магазин бөлшектеу және құрастыру бойынша жарыс өтті.

Мектепте 5-11 сынып оқушылары арасында «Адал ұрпақ» ерікті клубына сурет салу байқауы өткізілді. Барлық қатысушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

2021 жылы қаңтар айында 2004 жылғы оқушылар медициналық тексеруден өтті.

10-11 сынып оқушылары үшін Ұлы Отан соғысының 76 жылдығына арналған бейнематериалдар көрсетілді, сонымен қатар сынып сағаттары өткізілді.

Мектебіміздің оқу қызметіндегі басты мақсаттардың бірі мектеп оқушыларында азаматтық-патриоттық қасиеттерді тәрбиелеу ... Осы мақсатқа жету үшін іс-шаралар азаматтық және әскери-патриоттық бағытта жүйелі түрде ұйымдастырылады. Мектеп жас ұрпақтарда өз Отанына, Әке үйіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге бағытталған мектеп оқушыларына әскери-патриоттық тәрбие берудің жоспарын жасады.

8. Спорттық тәрбие беру жұмысы

2020-2021 I-тоқсан оқу жылында Торғай орта мектебінде денешынықтыру пәні және спорттық секциялар тақырыптық жоспар, сабақ кестесі бойынша өткізіледі. Мектепте 3 денешынықтыру пәнінің мұғалімі жұмыс істейді. Олар: Долькей Шарилан, Магруппов
2020-2021 оқу
Рамазан, Куандыков Алиаскар.

жылының I-жарты жылында денешынықтыру пәні бойынша оқушылардың оқу үлгерімі 100% , сапасы 100% . Секциялар және спорттық үйірмелер кесте бойынша жүргізіледі. Атап айтсақ : Әр аптаның 2 күні баскетбол, 2 күні волейбол , 1 күні футбол секциялары, аптасына 1 реттен шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ , стол теннисі, асық ойындарынан үйірмелері жұмыс істейді .

Мектепшілік тәрбиелік іс-шаралар. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене тәрбиесі бойынша өткізілетін іс-шаралардың жылдық жоспарына сай өткізіледі. Онлайн жарыстарға мүмкіндігінше қатысып жатыр оқушылар.

Жоспарға сай апталықтар өтіп, ашық, тәрбие сабақтары өткізілді.

2020-2021 II-тоқсан оқу жылында Торғай орта мектебінде денешынықтыру пәні және спорттық секциялар тақырыптық жоспар, сабақ кестесі бойынша өткізіледі. Мектепте 3 денешынықтыру пәнінің мұғалімі жұмыс істейді. Олар: Долькей Шарилан, Магруппов
2020-2021 оқу
Рамазан, Куандыков Алиаскар.

жылының I-жарты жылында денешынықтыру пәні бойынша оқушылардың оқу үлгерімі 100% , сапасы 100% . Секциялар және спорттық үйірмелер кесте бойынша жүргізіледі. Атап айтсақ : Әр аптаның сейсенбі бейсенбі күндері баскетбол, сәрсенбі бейсенбі күндері волейбол , дүйсенбі күні футбол секциялары, аптасына 1 реттен шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ , стол теннисі, асық ойындарынан үйірмелері жұмыс істейді .

Мектепшілік тәрбиелік іс-шаралар. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене тәрбиесі бойынша өткізілетін іс-шаралардың жылдық жоспарына сай өткізіледі. Онлайн жарыстарға мүмкіндігінше қатысып жатыр оқушылар.

Жоспарға сай апталықтар өтіп, ашық, тәрбие сабақтары өткізілді

9. Мектеп психологының 2020-2021 оқу жылында атқарған іс-шаралары.

Психологиялық қызметтің мақсаты - орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік–психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілерге ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан көмек көрсету, психологиялық – педагогикалық зерделеу, шығармашылық әлеуетін дамыту, психологиялық түзету және дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Психологиялық қызметтің 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарына сүйене отырып, қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша оқушылардың психологиялық – әлеуметтік жеке картасын дайындалды. Мектеп қабырғасына қабылданған 1 сынып оқушыларымен «Бірінші күн» атты тренинг-сабақ өткізілді. Мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде бейімделуі әлі де қиын оқушылар анықталды олар: 1 «А» Естайұлы Асылбек, Манабаев Жасулан, Дүйсен Асанали, Ермек Асыл – 1 «Б» сыныбы бойынша Болат Данияр атты оқушылар байқалды. Бұл оқушылардың даму деңгейі туралы сынып жетекшілер тарапынан, психологиялық қызмет тарапынан жұмыстар жүргізіліп, сынып жетекшілерге, жеке ата-аналарға ұсыныстар берілді. Әлеуметтік бағыт бойынша ИМІК шешімімен инклюзивті оқыту «Ерекше» және «Үйден оқытылатын» оқушылар есепке алынып, жеке карталары жасакталып түзету және дамыту жұмыстары жасалынды. Инклюзивті оқыту бойынша 4 оқушы:

Боромбаева Индира – 10 «Б» сынып

Болат Арман – 4 «а» сынып

Новожиллов Руслан – 2 «Б» сынып

Гаар Милана – 1 «Б» сынып

Қазан айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша 5-сынып оқушыларының бастауыш буынан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу үшін Н.Г. Лусканованың «Мектеп мотивациясының диагностикасы» әдістемесі жүргізілді. Зерттеуге 5-сыныптың барлығы 31 – оқушы қатысты. Оқушылардың психологиялық ауызекі логикалық даму деңгейлері, қысқа мерзімді есте сақтау, «Социометрия» әдістемелері жүргізілді. Агрессия күйін «Басса-Дарки сауалнамасы» бойынша диагностикаланды. Бұл сауалнамаға 20 оқушы қатысты. Бұл әдістемелер оқушылардың жеке даму деңгейі мен оқуға психологиялық дайындығын, оқушылардың мектеп өміріне бейімделу процесін анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша оқушылардың мектеп өміріне бейімделу деңгейлерінің көрсеткіші: даму деңгейлері жай, ауызекі логикалық дамуы мен қысқа мерзімді есте сақтау деңгейлері төмен оқушылар 5 А сыныбы бойынша Манабаев Әби, Батан Жансерік, Газизова Жасмина, 5 «Б» бойынша 0. Аталған бұл оқушылармен, сынып жетекші, пән мұғалімдері, психологиялық қызмет тарапынан түзету және дамыту жұмыстары жүргізілді. Бейімделу кезеңінің жалпы 5-сынып оқушылары мектеп жағдайына жақсы бейімделіп, жеке тұлғалық, интеллектуалдық даму деңгейлері бойынша жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Әлі де бейімделу үстіндегі оқушыларға жүргізілген әрбір әдістемені талдап, анықталған нәтиже бойынша ұсыныс беріліп, ұсыныстар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы жүргізілген психологиялық зерттеу нәтижесімен сынып жетекшілер мен ата-аналарға таныстырылып, ұсыныстар берілді.

Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар отбасылармен және балалармен, ерекше назардағы оқушылармен құқық бұзушылықпен қараусыздықтың алдын-алу бойынша жұмыс жүргізілді. Мектеп бойынша есепте тұрған және тәуекел топ, инклюзивті оқыту бойынша оқытылатын оқушылар, қолайсыз отбасы балаларының жеке тұлғасын зерттеу арқылы мінез – құлықтарына педагогикалық-психологиялық мінездеме жазылды.

Консультативтік бағыты бойынша “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша суицид вахтерларын оқытып, дәрістер жүргізілді. Бұл жылы жаңадан келген мектеп қызметкерлері мен мұғалімдері оқытылды. Хаттамалары толтырылды. “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша ата-аналарға онлайн дәріс жүргізіліп, оқушылардан сауалнама алуға ата-аналардан келісім алынды. Хаттама толтырылып, қорытынды есен, акт жасалынды.

Қараша айында психологиялық-диагностикалық бағыты бойынша ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен “Өмір, қымбатсың маған” атты тренинг сабақ өткізілді. Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың бойларындағы қабілетін аша білу, бірі –бірімен жақсы қарым-қатынаста болуын қалыптастыру, Жан- жақтылыққа үйретіп, өздігінен еңбектенуге үйрету.

Диагностикалық бағыт бойынша 8-11 сынып оқушыларына “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша сауалнама жүргізілді. Мақсаты: Жоғары қауіп тобына жататын оқушыларды анықтау.

Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар отбасылармен және балалармен , ерекше назардағы оқушылармен құқық бұзушылықпен қараусыздықтың алдын-алу бойынша “Қиын”, “Тәуекел”, есепте тұрған оқушылармен түзету және дамыту жұмыстары жүргізілді. “Аяқталмаған сөйлем” әдісі бойынша топтағы оқушылардың психикалық жай күйі анықталды. Жүргізілген әдіс бойынша оқушылар жоғары нәтиже көрсетті.

Тәрбие бағыты бойынша “Қыз қылығымен” тақырыбында қыздар отырысы өткізілді. Қыздармен әңгімелесе отырып, ар–намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту. Инклюзивті оқыту бойынша оқытылатын оқушылармен психологиялық түзету және дамыту жұмыстары бойынша сабақ кестесі құрылып күнделікті сабақтар өткізілді. Жеке тұлғаның әлеуметтік өзіндік таным қабілеттерінің даму деңгейін, соның ішінде ой-өрісін дамытатын психологиялық жағтығулар мен ойындар түрі «Мен қандаймын» , «Менің жетістігім» жүргізілді. Таным қабілеттеріне байланысты суреттік тесттер, «Төрт суретті тап», «Артықты ал», есте сақтауға байланысты суреттік тапсырмалар жүргізілді.

Кәсіби бағыт-бағдар жұмыстарына байланысты 9 класс оқушыларына «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ өткізілді, сауалнамалар жүргізілді.

Желтоқсан айында диагностикалық бағыты бойынша 8-11 сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында “Спилберг” әдістемесі арқылы тест жұмыстары алынып, оқушылардың мазасыздық ерекшеліктері зерттелді. Әдістеменің қорытындысы шығарылып, оқушылардың мазасыздық деңгейлері анықталды. «Спилберг» әдісі бойынша жоғары мазасыздық 4%, қанағаттанарлық 14 %, қалыпты 82% көрсеткіш көрсетті.

Кәсіби бағыт-бағдар жұмыстарына байланысты 9 сынып оқушыларына «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ өткізілді, сауалнамалар жүргізілді.

Тәрбие бағыты бойынша “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” атты Республикалық акпараттық науқанға байланысты оқушылармен сенім телефонын, жәшігін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың зорлық-зомбылыққа қарсы немесе қосатын пікірлерін айту және мақалаған сұрақтарымен, сөйлеу мәнерінің жағдайын зерделеу және дамыту. Инклюзивті оқушылардың зейін, есте сақтау, таным қабілеттерін зерттеу бойынша тесттер, сауалнамалар, деңгейіне қарай тапсырмалар жүргізілді. “Артық сөзді тап”, “10 айырмашылықты тап” әдістемелері бойынша тапсырмалар орындалды.

Есепте тұрған оқушылармен жеке кеңестер жүргізіліп, депрессиялық деңгейлерін анықтау, “Қарым-қатынаста қандаймын” тесті алынды. 11 тоқсан демалыс уақытында 11 сынып оқушыларымен “Эмоцияны басқарып үйренейік” атты психологиялық тренинг-сабақ жүргізілді. Оқушылардың өзіне деген сенімділігі мен өзін- өзі көрсете алу дағдыларын қалыптастыру. Алдына қойған мақсатына жетуге деген тілегін қалыптастыру. Ата – анамен бала арасындағы қарым –қатынасты бақылау мақсатында, жекелеген ата аналардан «Өз балаңыз туралы не білесіз?» тақырыбында сауалнама алынды.

Қаңтар айында 4-6 сынып оқушыларымен «Белгісіз жануар» әдістемесі, «Түстік тест» әдісі жүргізілді. 9 – сынып оқушыларына арналған Д.Голлонд тест жұмысы алынды. Оқушының кәсіби өзін табу жағдайына психологиялық көмек беру, және қызығушылық қабілетін айқындау.

4 сынып оқушыларымен “Тапқырлық алға тартар”, “Сенімділік күш береді” тақырыптарында психологиялық қолдау сабақтары жүргізілді.

5-6 сынып оқушыларының класс арасында лидерлерді анықтау мақсатында социометрия әдістемесі алынды.

Кәсіби бағыт-бағдарға байланысты «Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?» атты психологиялық тренинг сабақ өткізілді. Болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу.

Ақпан айында ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен “Мейірімділік – жылулық шуағы” атты психологиялық қолдау сабақ жүргізілді. Балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, оқушылардың психологиялық ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту. 2 сынып оқушыларымен «Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты зерттеу бойынша» әдістеме жүргізілді. Әдістемеге барлық оқушылар қатысты. Қорытындысы: 1. Боромбаев Ислам – тревожность, связанная с учебным процессом. 2. Попов Никита – требуется помощь и поддержка со стороны классного руководителя.

Қосымша тәрбие жоспарына сәйкес толық емес, сәтсіз отбасы тәрбиесіндегі (R – тобы) балалардың психо-эмоциональдық жағдайын зерттеу мақсатында жұмыстар жүргізілді. “Мен ғажайыппын” атты тренинг-сабақ өткізілді. Оқушылардың психоэмоциональдық жағдайын анықталды, зерттелді.

«Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі» тақырыбында 11 сынып оқушылармен психологиялық тренинг-сабақ өткізілді. Оқушылардың білім шыңына талпынуда алғашқы қадам жасаулары үшін бойларында қандай қасиеттер болу керек, неге бейімделу керектігі жайлы ойларын білу, ой бөлісу топпен бірге жұмыс жасауды дамыту, оқушыларды сергіту. Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз қағидасымен тәрбие мәртебесін нығайту мақсатында «Инабатты қыз-елдің көркі» атты қыздар жиналысы өтті. Қыздардың жеке тегіненасы, мектептегі тәртіп, сабаққа қатысым, мектеп формасы туралы айтылды.

Наурыз айында 5-11 сынып оқушыларына социометрия әдістемесі жүргізіліп, қортындысы шығарылды. Мектеп медбикесімен бірлесе отырып, 5-11 класс қыздары арасында “Сүйкімі дүниенің сұлулықта” тақырыбында қыздар отырысы өткізілді.

Жас мамандармен “Қыңыр оқушылармен жұмыс” тақырыбында дәріс, психологиялық кеңес берілді.

Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен “Әрқашан күн сенбесін” тақырыбында түзету-дамыту сабақ өткізілді. Оқушыларды өзін-өзін ұстай білуге, кез-келген кедергіден шыға білуге, бір-біріне деген достық қарым-қатынасын нығайтып, көмек көрсетуге үйретілді.

Сәуір айында ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың арасында “Ғажайып терапия” тақырыбында терапиялық жұмыстары жүргізілді.

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастару және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша 8 сынып оқушыларына суицидтің алдын-алу, “Көңіл күйіңді көтеріп,қуана біл” тақырыбында дәріс сабақ жүргізілді.

11 сынып оқушыларына ҰБТ туралы кеңес жүргізілді, баяндама оқылды, “Бақыттың кілті байлықта емес” тақырыбында психологиялық тренинг сабақ жүргізілді. Оқушыға өз өмірінің субъектісі екеніне көзін жеткізуге көмек жасалды. ҰБТ-ны тансыру кезінде барынша толық өз мүмкіндігін іске асыру туралы кеңес берілді.

“Көңілі көтеріңкі ұстаздың-еңбегі де жемісті” тақырыбында мектеп мұғалімдерімен психологиялық қолдау сабақ өткізілді. “Мұғалім мен оқушы арасындағы жағымды психологиялық ахуал туғызудың жолдары” тақырыбында дәріс оқылды.

Мамыр айында Мектеп инспекторымен бірігіп “Құқық бұзушылықтың алдын-алу” тақырыбында 5-11 класс оқушыларымен профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Сынып жетекшілермен біріге отырып, оқушылардың оқу әрекетін түзету жұмыстары талқыланып, қорытындысы шығарылды.

II класс оқушыларымен "Арман болашақ бейнесі" мектеп тұлғаларының өз күштерін тексеруге, өзін терең білуге көмектесу мақсатында психологиялық қолдау сабақ өткізілді. Ерекше оқығуды қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қорытынды есеп жазылды.

Мектепте «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жұмыс жасайды, онда түскен оқушылардың, басқа да жеке тұлғалардың ойларына, сұрақтарына жеке және топтық түрде жауаптар беріліп отырылды.

Қорыта келе, жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылды. Өткізілген психологиялық шаралар мектеп проблемасымен ұштастырылып отырды.

10. Мектеп кітапханасының 2020–2021 оқу жылындағы жұмысының есебі

Қыркүйек айының алғашқы аптасында оқушыларға I – II сыныптарға оқулық тарату жұмысы атқарылды.

2 қыркүйекте Ерейментау қаласынан оқулықтар әкелінді. Биылғы оқу жылында 4 сынып – 100%, 9 сынып – 100%, 10 сынып – 100% қосымша оқулықтармен қамтылды. Жалпы мектеп бойынша I - II сыныптар 100% кітап жеткілікті. Бірінші кезекте мектептегі жағдайы төмен, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар оқулықпен толығымен қамтамасыз етілді. Кітапханада: I қыркүйек "Мен өз елімнің патриотымын!", «Мұғалім мектептің жүрегі», "Ұлы даланың жеті қыры", «Абай әлемі», «Быть здоровым – это здорово!», «Тіл – достықтың тірегі», «Қарттарым асыл қазынам», « Арқаның дара тұлғасы» Сакен Сейфуллин – 125жас», « Мейірімнің төгетін ана» атты кітап көрмелері өткізілді.

I сынып оқушыларымен «Кітапхана әлемі» ойын саяхат жүргізілді, кітапхананы пайдалану ережелерімен таныстырылды оқырман ретінде тіркеуге алынды.

